

Балабақшада ата-аналардың толтырған сауалнамалары бойынша

Хаттама № 1

Тақырыбы: «Балабақшадағы тамақтану сапасы»

Қатысқандар: Барлық топтардың ата-аналары.

Өткізілген күні: 19.09.2025 ж.

Қатысқан ата-аналар саны - 36

Балабақшада «Балабақшадағы тамақтану сапасы» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижелерін қарау және талдау.

Сауалнаманың мақсаты: Ата-ана мен балабақша бірлесе отырып балалардың күнделікті тамақтануына назар аудару. Ата-аналардың балабақшадағы ас мәзіріне деген көңіл күйлері, көзқарастары қандай, көңілдерінен шығама. Сауалнама толтыру арқылы балалардың қандай тағамдарға аллергиясы барын анықтап білу.

Сауалнама барысы:

Сауалнама балабақшада жоспарға сәйкес ерікті түрде жүргізілді. Ата-аналар мен балабақша ұжымы балалардың күн тәртібін, уақытылы тамақтануын, дұрыс тамақтана білуін бірлесе отырып бақылау. Ата-аналардың балабақшадағы балалардың тамақтануымен қаншалықты хабардар екенін білу. Балабақшаның он күндік құрылған ас мәзірі ата-аналардың қаншалықты көңілінен шығатынын білу.

Сауалнаманың қорытындысы бойынша:

- Ата-аналар балабақшаның ас мәзіріне толыққанды көңілдері толатындығын айтып сауалнама толтырды;
- Топтарда қанша балада тағамға аллергиясы бары анықталды.
- Әр ата-ана өз ұсыныстарын сауалнамада жазба түрде көрсеткен.
- Балалардың күнделікті жейтін тағамдарын ас мәзірінен көретіндіктерін, тәрбиеші апайлары арқылы білетіндіктерін көрсеткен
- Әр ата-ана балаларының тамақтану сапасына көңілдері толатындығы сауалнама нәтижесінде анықталды.

Сонымен қатар, кейбір ата-аналар:

- Балаларының тамақты таңдап жейтіндігін;
- Жоғарғы топтың балаларының арасында тамаққа деген тәбеттерінің болмай қалатындығын ескертті.

Қорытынды:

Сауалнама нәтижесінде ата-аналар балалардың балабақшадағы тамақтану сапасына көбірек көңіл аударатындығын білдірді. Ас мәзірінде балаларға тойымды тағамдардың көбірек болғандығын жазған.

Қаулы:

1. Сауалнама нәтижелерін ата-аналар жиналысында талқылау;
2. Ата-аналарға арналған кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру
3. Балалардың дұрыс тамақтануын балабақша қызметкерлері мен ата-аналар бірлесе отырып бақылау.

Танысты: меңгеруші:

Әдіскер:

Мейірбике:

Ш.Р.Голыбаева

С.Жоламанова

Ж.Н.Қазбекова

**Балабақшада ата-аналардың жасырын (анонимді) толтырған
сауалнамалары бойынша
Хаттама № 2**

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдағы ата-аналарға арналған сауалнама»

Қатысқандар: Барлық топтардың ата-аналары.

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысқан ата-аналар саны – 43

Қатыспаған ата-аналар саны – 7 (белгілі себептеріне байланысты)

Балабақшада берілген сауалнама бойынша ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижелерін қарау және талдау.

Сауалнаманың мақсаты: Мектепке дейінгі ұйыммен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың білім беру үдерісіне көзқарасын, қанағаттану деңгейін, ұсыныс-пікірлерін анықтау және тәрбиелеу, білім беру жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау.

Сауалнама барысы:

Сауалнама балабақшада жоспарға сәйкес ерікті түрде жүргізілді. Ата-аналар балабақшаның күн тәртібіне толыққанды көңілдері толатындығын айтып сауалнама толтырды. Балабақша өте жайлы, баламызға барлық жағдайлар жасалған, көңілімізден шығады.

Сауалнаманың қорытындысы бойынша:

- Топтарда балаларға заман талабына сай көбірек ойын түрлері қолданылса
- Әр ата-ана өз ұсыныстарын сауалнамада жазба түрде көрсеткен.
- Балалардың күнделікті серуен кезіндегі ойын алаңдарын әдемілеп толықтырса;
- Әр ата-ана балаларының тамақтану сапасына көңілдері толатындығы сауалнама нәтижесінде анықталды.
- Балаларға қазақша нақыштағы, балаға қауіпсіз ойыншықтар алынса
- Балалардың кереуеттерін өзгертсе деген ұсыныс бар, құлап кетпесе деп уайымдаймыз.

Қорытынды:

Сауалнама нәтижесінде ата-аналар балалардың балабақшадағы тамақтану сапасына көбірек көңіл аударатындығын білдірді және өз ұсыныстарын толыққанды сауалнамада көрсете білді.


Қаулы:

1. Сауалнама нәтижелерін ата-аналар жиналысында талқылау;
2. Ата-аналарға арналған кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру
3. Ата-аналарды бірлесе жұмыс атқаруға шақыру

Танысты: менгеруші:

Әдіскер:

Мейірбике:



Ш.Р.Толыбаева

С.Жоламанова

Ж.Н.Қазбекова